

**«Қазақстан Республикасы оқу-ағарту  
министрлігі білім саласында сапаны  
қамтамасыз ету комитетінің  
Маңғыстау облысының білім саласында  
сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-нің  
басшысы Е.К.Өмірзаққа**

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім  
бөлімінің «№22 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
мемлекеттік аттестаттау кезінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша атқарылған  
жұмыстардың есебі**

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№22 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау қорытындысы бойынша кемшіліктерді жою мақсатында төмендегі жұмыстар атқарылды:

1. 2022/2023, 2023/2024 және 2024/2025 оқу жылдары бойынша мектепалды даярлық сыныптарының жұмыс оқу жоспарлары мен сабақ кестелері ұсынылды.
2. 2022/2023, 2023/2024 және 2024/2025 оқу жылдары бойынша білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің ұйымдастырылуын растайтын дәлелдеме құжаттары сілтемелерімен бірге ұсынылды.
3. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру бойынша құжаттар (бұйрықтар, аймақтық-психологиялық медициналық педагогикалық қорытындылары, титул парағы, бейімделген/жеке/арнайы оқу жоспарлары; жеке оқу бағдарламалары; дамудың бұзылуын түзету, әлеуметтік бейімдеу бойынша атқарылған жұмыстар; мінездемелер) ұсынылды.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша**

Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар ұсынылмаған.

- 2022/2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарына жұмыс оқу жоспарын дайындауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде

№8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы;

- 2023/2024, 2024/2025 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (5 жастағы балаларға арналған) 3-қосымшасы басшылыққа алынған. 2022/2023 оқу жылында 4 сынып болған, 2023/2024, 2024/2025 оқу жылдарында 3 сыныптан сынып комплектілері ашылған. Бір сыныптың апталық жүктемесі-20 сағатты құрайды. Мектепалды даярлық сыныптарының педагогтерінің оқу жүктемесі туралы түсінік хаты ұсынылды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестендіріліп жасалды. Аталған құжаттар мектептің ресми сайтына жүктелді.  
<https://drive.google.com/drive/folders/1ty9VVw6NJE8mEaZQYGXrqRrKKk-v21R8>

**МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуын растайтын құжаттар ұсынылмаған.**

- 2022/2023, 2023/2024, 2024/2025 оқу жылдарында мектепалды даярлық сыныптарына арналған сабақ кестелері ұсынылды. Мектепалды даярлық сыныптарының апталық/жылдық оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сай. Аталған құжаттар мектептің ресми сайтына жүктелді.  
[https://drive.google.com/drive/folders/1ZsuJAQG\\_WNsxJsiDPbOhKLi-UbQcb8Nl](https://drive.google.com/drive/folders/1ZsuJAQG_WNsxJsiDPbOhKLi-UbQcb8Nl)

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша**

**Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыруды растайтын дәлелдеме құжаттары ұсынылмаған.**

- «ҚР Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ-нің 27.12.2022ж №12 бұйрығының 13-1 қосымшасына сәйкес қосымша білім беру ұйымдарына тартылған оқушылар тізімі, мектепшілік қосымша ақысыз үйірмелер кестесі, білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы туралы мәліметтер, 2022/2023, 2023/2024, 2024/2025 оқу жылдары бойынша қосымша білім берумен қамтылған білім алушыларды есепке алу журналдарының PDF электрондық нұсқасы, сабақтан тыс іс-әрекеттің әр түрлі нысандарын ұйымдастыруды растайтын дәлелдеме құжаттар сілтемесімен бірге ұсынылды. Аталған құжаттар мектептің ресми сайтына жүктелді.

<https://drive.google.com/drive/folders/11QQqGIHtTFaFpRfazk1BbQGKT2LIVeLd>

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыруды растайтын құжаттар ұсынылмаған.

- 2022/2023, 2023/2024, 2024/2025 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға білім беруді ұйымдастыру туралы бұйрықтар, ЕББҚ білім алушылардың туу туралы куәліктері, аймақтық-психологиялық медициналық педагогикалық қорытындылары, ЕББҚ білім алушылардың контингенті бойынша титул парағы ұсынылды. Аталған құжаттар мектептің ресми сайтына жүктелді.  
[https://drive.google.com/drive/folders/1CiyM\\_yz8yqQjgP0prs3EaNLJoMDn0Cn8](https://drive.google.com/drive/folders/1CiyM_yz8yqQjgP0prs3EaNLJoMDn0Cn8)

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау бойынша талдауға арналған құжаттар ұсынылмаған.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ЕББҚ білім алушыларға арналған бейімделген/жеке/арнайы оқу жоспарлары; жеке оқу бағдарламалары, дамудың бұзылуын түзету бойынша формалар, әлеуметтік бейімдеу бойынша атқарылған жұмыстар; мінездемелер, ЕББҚ оқушылардың жетістіктері туралы мәліметтер ұсынылды. Аталған құжаттар мектептің ресми сайтына жүктелді.  
<https://drive.google.com/drive/folders/1JrZJ3e8iTvktJBDtCH5gDY1NHtwaUG>



Мектеп директоры *З.А. Құсаинова*